

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Шымкент университеті

«Филология» кафедрасы

МІНДЕТТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

Мамандық атауы:	Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті
Мамандық шифры:	5В012100
Дайындау бағыты:	Білім
Берілетін дәрежесі:	Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім бакалавры

**5B012100 - Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша
міндетті пәндер каталогы**

Пәндер циклдары ның қысқаша аталуы	Пәндер мен оның негізгі бөлімдерінің аталуы	Кредит көлемі және сағат саны
1	2	3
ЖБП	Жалпы білім беру пәндері	28(1260)
МК	Міндетті компонент	21 (945)
KKZT 1101/ SIK 1101	<p>Қазақстанның қазіргі заман тарихы Пререквизит: жоқ Постреквизит: жоқ Күтілетін нәтиже: Мазмұны: XXғ. Бірінші жартысындағы Қазақстан. Кеңестер билігі тұсындағы Қазақстан. Қазақстандағы 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы. Қазақстан шетел интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында (1918-1920 жылдар). Қазақстандағы жаңа экономикалық саясат. Өлкедегі кеңестік мемлекеттік құрылыс. Қазақстан Ұлы Отан соғысы кезінде 1941-1945жж. 1946-1970 жылдардағы Қазақстанның қоғамдық экономикалық жағдайы. 1970-1980 жж. Қазақстан Ғылыми-техникалық прогрестің өндірісіне енгізіле бастауы. Тәуелсіз Қазақстан. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Реформалардың сәтсіздікке ұшырауы және дағдарыстың өршуі. Қайта құру жылдарындағы Қазақстан саясатының негізгі кезеңдері және оның сипаттамасы. Қазақстан қайта құру мен тәуелсіздік жолында. Қазақстан Республикасының жариялануы. Қазақстан – тәуелсіз егеменді мемлекет. Саясат саласындағы стратегиялық мақсаттар. ҚР мемлекеттік рәміздерінің қабылдануы. Жаңа сайлау жүйесінің қабылдануы.</p>	3 (135)
Fil 2102	<p>Философия Пререквизит: Қазақстан тарихы Постреквизит: жоқ Күтілетін нәтиже: Мазмұны: Философия мәдениет феномені ретінде. Философия пәні және қызметтері. Мәдени – тарихи контекстегі философия. Мәдениет контексіндегі философияның тарихи типтері. Ежелгі үнді философиясы шығыс мәдениетінің феномені ретінде. Қытай мәдениетінің гүлденуі кезіндегі ежелгі Қытай философиясы. Антика мәдениетіндегі философия.</p>	3 (135)

	<p>Ортағасырлық мәдениеттегі философия феномені. Ислам мәдениеті аясындағы арап-мұсылман философиясы. Батыс Еуропалық орта ғасырлық мәдениеттегі философия және дін феномені. Қайта өрлеу және реформация мәдениетіндегі философия. Жаңа заман мәдениетіндегі батыс еуропалық философия. XIX ғасырдың екінші жартысындағы мәдениеттегі батыс еуропалық философия. Орыс философиясы XIX-XX ғ.ғ.ғ ресейлік мәдениеттің феномені ретінде. Қазақ мәдениетіндегі философия феномені. XX ғ мәдениетіндегі Кеңестік философия. XX ғ. және XXI ғ аясындағы батыс философиясы. Болмыс философиясы. Философиялық антропология. Элеуметтік философия. Мәдениет философиясы. Махаббат философиясы. Дін философиясы. Тарих философиясы. Саясат философиясы. Білім беру философиясы.</p> <p>Диалектика теориясының мәселелері.</p> <p>Эпистемология. Ғаламдық (жаһандық) мәселелердің философиясы.</p>	
ShT 1104	<p>Шет тілі</p> <p>Пререквизит: жоқ</p> <p>Постреквизит: Кәсіби бағытталған шет тілі</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Оқу: таныстыру, анықтамалық, шолып оқу дағдысының қалыптасуы.</p> <p>Сөйлеу: оқылған тақырыптар көлемінде монолог пен диалогты дамыту шеберлігі.</p> <p>Жазу: тізбекті ой жүйесін жеткізу, тұжырымдамалар мен шығармалар, жеке және іскерлік мәндегі хаттар жазу дағдысын жетілдіру. Мамандыққа байланысты шетел тіліндегі мәтіндерді ана тіліне тілдік нормаларға сай аудару.</p> <p>Тыңдау: күнделікті кездесетін, ақпараттық, кәсіптік мәндегі хабарларды тыңдау арқылы қабылдау.</p> <p>Мазмұны</p> <p>Оқытылатын шетел тілінің фонетикалық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары. Фонетика: шетел тілінің айтылу, ырғақтық – интонациялық ерекшеліктері, дыбыстық жүйенің рецепциясы мен репродукциясы. Орфография: тілдің дыбыстық – әріптік жүйесі, негізгі орфографиялық ережелер. Лексика: сөзжасам модельдері;көлемі негізгі тілдің 2500 бірлігін құрайтын лексикалық минимум, сонымен қатар мамандықтың профиліне сай терминдер; қолданыс кеңістігіне сай лексиканың дифференциясы. Грамматика: негізгі сөз таптары - - зат есім, сын есім, үстеу, етістік, артикль, есімдік, предлог; жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдердің құрылымы, сөзжасамның негізгі модельдері.</p>	6 (270)
K(O)T 1103	<p>Қазақ (Орыс) тілі</p> <p>Пререквизит: жоқ</p> <p>Постреквизит: Кәсіби қазақ (орыс) тілі</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p>	6 (270)

	<p>Мазмұны: Жалпы қолданыстағы сөздер мен сөз тіркестерінің лексикалық минимумын кеңейту, грамматикалық формалар мен құрылымдарды олардысөз қолданыстағы деңгейі дәрежесінде меңгерту. Мамандығы бойынша лексикалық және терминологиялық минимумдарды меңгеру. Әңгімелесу, мазмұндау, хабарлау сынды түрлі тілдік қызметтер жүйесін құру. Грамматикалық формалар мен құрылымдарды функционалды көріністе дұрыс қолдана білу. Өртүрлі сөйлеу қызметі түрлерінде (сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу) әлеуметтік-тұрмыстық және кәсіби саладағы өзекті, бейімделген және өңделген қиын емес прагматикалық мәтіндерді, диалог мен монологтарды ауызша және жазбаша түрде тақырып бойынша өңдеу.</p> <p>Кәсіби оқу тілін дамыту: а) оқудың тыңдаудың дағдылары мен қалпын қалыптастыру, әдебиеттерді мамандығы бойынша конспектілей білу; б) оқулықтар мен дәрістерге жақын, сәйкес келетін ғылыми оқу мәтіндерінің түрлерін, кәсіби оқу тақырыптары бойынша диалогтар мен монологтар құра білу; в) айтылымның негізгі құрылымдық – мағыналық түрлерін: монолог – сипаттау, монолог – мазмұндау, монолог – талқылу, диалог – әңгіме, диалог – сұхбат түрлерін жеделтетіп (интенсивті) оқыту.</p>	
АКТ 1105	<p>Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар (ағылшын тілінде) Пререквизит: Постреквизит: Күтілетін нәтиже: Мазмұны:</p>	3 (135)
ТК 1.2	Таңдауы бойынша компонент	7 (315)
БП 2	Базалық пәндер	69 (3105)
МК 2.1	Міндетті компонент	20 (900)
OFD 1201	<p>Оқушылардың физиологиялық дамуы Пререквизит: жалпы биология, эмбриология, адам анатомиясы мен жануарлар физиологиясы, химия, физика, цитология және гистология, генетика негіздері. Постреквизит: педагогика, психология, адам мен жануарлар физиологиясы, экология, социология. Күтілетін нәтиже: Жас физиологиясы мен мектеп гигиенасы – педагогикалық ғылымдар жүйесінің құрамдас бөлімдері. Балалар мен жасөспірімдердің өсуі мен дамуының жалпы заңдылықтары. Жүйке жүйесінің физиологиясы гигиенасы және жас ерекшеліктері. Жоғары жүйке әрекеті, оның баланың өсіп-дамуы барысында қалыптасуы. Сенсорлық жүйелердің физиологиясы және гигиенасы. Ішкі секрециялық бездер физиологиясы, балалар мен жасөспірімдердің жыныстық жетілуінің қазіргі кезеңдегі ерекшеліктері және жыныстық</p>	2 (90)

	<p>тәрбие. Тірек-қимыл жүйесінің жас ерекшеліктері мен гигиенасы. Ас қорыту мүшелерінің жас ерекшеліктері. Зат пен энергия алма суы. Тағам гигиенасы. Қанның қан айналу, тыныс алу және сыртқа шығару жүйелерінің жас ерекшеліктері. Оқыту мен тәрбиелеу жағдайларының оқушылар денсаулығына әсері. Мектептің ғимараты мен оқу бөлмелеріне, ауа ортасына, жарықтандырылуына және құрал-жабдықтарына қойылатын гигиеналық талаптар. Балалар мен жасөспірімдерде саламатты өмір салтын қалыптастыру негіздері.</p>	
Ped 2202	<p>Педагогика Пререквизит: Қазақстан тарихы, психология және адамның дамуы, әлеуметтану, педагогикалық мамандыққа кіріспе. Постреквизит: этнопедагогика, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, оқыту әдістемесі. Күтілетін нәтиже: Мазмұны: Адамзат тарихында білім берудің, мектептің және педагогикалық ой-пікірлердің дамуы. Педагогика тарихы мен білім берудің теориялық-әдіснамалық негіздері. Адамзат дамуының ерте кезеңінде тәрбиені ұйымдастыру формаларының туындауы. Ежелгі әлем. Ежелгі Шығыс және Көшпенді өркениет мемлекеттеріндегі тәрбие мен оқыту. Антикалық дәуірдегі білім берудің ерекшеліктері. Орта ғасыр дәуірі. Византиядағы педагогикалық ой-пікірдің дамуын оқыту. Орта ғасырда Индия мен Қытайдағы оқыту мен тәрбие. Таяу Шығыста, Орта Азиялық Ренессанс және Алтын Орда дәуірінде білім беру мен педагогикалық идеялардың дамуы (VI-XV ғ.ғ.) Европа мен Америка елдері тарихындағы білім беру, мектеп және педагогикалық ой-пікірлер. Ресей тарихындағы ағартушылық пен мектептің дамуы. Кеңестік кезеңдегі білім беру жүйесі мен педагогика ғылымы. Қазақстан тарихында мектептің, тәрбие мен педагогикалық ой-пікірлердің дамуы (XV-XVIII ғғ. Қазақ хандағы кезеңі). Қазақстандағы XIX-XX ғ.ғ. білім беру мен педагогика ғылымы. Ғасырлар тоғысындағы білім беру жүйесі. Педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері. Педагогика адам тәрбиесі туралы ғылым ретінде. Жеке тұлғаны дамытуға, қалыптастыруға, тәрбиелеуге, әсер ететін факторларға сипаттама және олардың әр түрлі жастағы топтарда көрінуі. Мұғалімнің зерттеушілік мәдениеті – оқу – тәрбие үдерісі нәтижелілігінің шарты. Тұтас педагогикалық теориясы мен практикасы. Тұтас педагогикалық үдерістің (ТПҮ) мәні және құрылымы, оның заңдары мен заңдылықтары. Тәрбиенің мақсаты, оның әлеуметтік тұрғыдан негізделуі. Ғылыми дүниетаным – оқушының интеллектуалды дамуының негізі. Тұтас педагогикалық үдерістегі тәрбиенің мәні мен мазмұны.</p>	3 (135)

	<p>Тәрбие үдерісінің формалары мен әдістері, құралдарының жүйесі. Балалар ұжымы – тәрбиенің объектісі және субъектісі. Сынып жетекшісі – сыныптың тәрбиелік жүйенің ұйымдастырушы. Отбасы тәрбиесінің негіздері. Тұтас педагогикалық үдерістің құрылымындағы оқыту. Қазіргі мектептегі білім мазмұны. Оқыту формалары, әдістері мен құралдары. Оқушылардың оқу жетістіктерін диагностикалау және тестілеу. Оқушылардың тұтас педагогикалық үдерістегі танымдық іс-әрекетін белсендіру. Білім берудегі инновациялық үдерістер және мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық технологиялар.</p> <p>Мектептің тұтас педагогикалық үдерісін басқару. Тұтас педагогикалық үдерісті ұйымдастырушылық-әдістемелік басқару, мектеп шеңберінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру және оларды аттестациялау. Мектептің тұтас педагогикалық үдерісін диагностикалау және жоспарлау. ҚР-да 12 жылдық орта білім беру моделіне көшу жағдайындағы білім беруді басқарудың жаңа тәсілдері.</p>	
Psi 2203	<p>Психология Пререквизит: философия, орталық жүйке жүйесі және жоғары жүйке жүйесінің іс-әрекетінің физиологиясы, социология. Постреквизит: әлеуметтік психология, педагогикалық психология, психология тарихы. Күтілетін нәтиже: Мазмұны: Жалпы психологияның әдіснамалық принциптері. Психика мен сананың пайда болуы мен дамуы. Сана және бейсаналық. Іс-әрекет психологиясы. Психологиядағы тұлға мәселесі. Қарым-қатынас пен топтар психологиясы. Танымдық үрдістер психологиясы. Психикалық күйлер. Психикалық қасиеттер. Даму психологиясының пәні, міндеттері және әдістері. Жас мәселесі және психикалық дамудың заңдылықтары. Психикалық дамудың жас ерекшелік кезеңдері Мектепке дейінгі жастағы психикалық даму. Бастауыш мектептегі, жеткіншек және жеткіншектік жастағы психикалық даму ерекшеліктері. Кемел жас және кәрілік шақ психологиясы.</p>	3 (135)
BM 2204	<p>Білім берудегі менеджмент Пререквизит: Постреквизит: Күтілетін нәтиже: Мазмұны: Білім берудегі менеджмент – бұл қағидалардың, әдістердің, ұйымдастырылған формалардың, технологиялық әдіс жинақтарының қызметін көтеруге және дамытуға бағытталған педагогикалық жүйелерді басқару. Өз еңбегін, интелектісін және басқа да адамдардың тәртібін пайдаланып жетекшінің қойылған мақсатқа жете білуі.</p>	2 (90)
ВОТ 2205	<p>Бағалаудың өлшемдік технологиялары Пререквизит:</p>	2 (90)

	<p>Постреквизит: Күтілетін нәтиже: <i>Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі:</i> Мұғалімге оқушының оқу жетістіктерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді; Оқушыларға оқу үдерісі барысында туындаған қиындықтарды түсінуге, бағалауға мүмкіндік береді; Ата-аналар оқушының оқу жетістіктер бойынша объективті дәлелдемелермен қамтамасыз етіледі; Мазмұны: Критерийлер - оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі. Критериалдық бағалау - бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын айқын анықталған, ұжыммен шығарылған білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериялармен оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс. <i>Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты:</i> Мектепте оқыту сапасын жоғарылату; Мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру. <i>Критериалды бағалаудың міндеттері:</i> Сабақтың әр бөліктеріндегі әр оқушының дайындық деңгейін анықтауға; Бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті; Жеке оқушының даму жетістігін бақылауға; Оқушының білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындауға; Әр түрлі жұмыс барысындағы алған өз бағасының әділдігіне көзін жеткізуге; Оқу бағдарламасының тиімділігін саралауға; Сабақ үдерісі мен білімнің меңгерілуі туралы оқушы мен мұғалім және ата-ана арасындағы кері байланысты қамтамасыз етуге <i>Критериалды бағалаудың маңызы:</i> <i>Мұғалімдер үшін:</i> Сапала нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға; Өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға; Сабақ берудің сапасын арттыруға; Оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың әр тұлғаға арналған ауқымын жоспарлауға; Бағалаудың әртүрлі әдістерін пайдалануға; Оқу бағдарламасын қолжетімді ету үшін ұсыныстар енгізуге <i>Оқушылар үшін:</i> Танымдық қабілеті мен ойлау деңгейін арттыратын оқытудың әртүрлі әдістерін пайдалануға; Табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсінуге; Өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсуге;</p>	
--	---	--

	<p>Сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсетуге; <i>Ата-аналар үшін:</i> Баласының білім сапасының дәлелдемелерімен танысуға; Оның оқуындағы табыстылықты бақылауға; Оқуына қолдау көрсету үшін бағыт алуына мүмкіндік туғызады.</p> <p>Критерийдің мазмұны: Бағалау критерийлері - оқытудың мақсатын және ара қатысын белгілеуге сәйкес белгі (сипаттама). Дескриптор - жетістік деңгейінің сипаттамасы.</p>	
КК(О)Т 3206	<p>Кәсіби қазақ (орыс) тілі Пререквизит: бейорганикалық химияның теориялық негіздері, аналитикалық химия, органикалық химия. Постреквизит: Физикалық химия, коллоидты химия, органикалық химия алифаттық және циклдық қосылыстар, химиялық технология, химиялық синтез. Күтілетін нәтиже: Мазмұны: «Кәсіби қазақ тілі» пәнінің негізгі мақсаты, мазмұны және пәндік жаттығулар. Химиялық мәтіндерді аудару техникасы. «Жалпы химия» негізгі бөлімдері. «Бейорганикалық химия» негізгі бөлімдері. «Органикалық химия» негізгі бөлімдері. Зертханалық қондырғылар. Химия өндірісі. Ғылыми басылымдар, конференциялар, іскерлік хат алмасу.</p>	2 (90)
KBShT 3207	<p>Кәсіби бағытталған шетел тілі Пререквизит: неорганическая химия. – все разделы., органическая химия – школьный курс, качественный и количественный анализ – все разделы. Постреквизит: органическая химия алифатических и циклических соединений, физическая и коллоидная химия, химическая технология. Күтілетін нәтиже: Мазмұны: Предмет, основное содержание и задачи дисциплины «Профессионально-ориентированный иностранный язык». Техника перевода химических текстов. Основные разделы «Общей химии». Основные разделы «Неорганической химии». Основные разделы «Органической химии». Лабораторные оборудование. Химическое производство. Научные публикации, конференции и деловая переписка.</p>	2 (90)
IBB 3208/ IO 3208	<p>Инклюзивті білім беру Пререквизит: Постреквизит: Күтілетін нәтиже: Балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу. Мазмұны: Инклюзивті оқыту- оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен</p>	2(90)

	<p>қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ.</p>	
TZhTA 2209 / TMVR 2209	<p>Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі Пререквизит: педагогикалық мамандыққа кіріспе, педагогика, этнопедагогика. Постреквизит: педагогикалық практика. Күтілетін нәтиже: Мазмұны: Тәрбие үдерісі – тұтас педагогикалық үдерістің құрамды бөлігі. Мектеп пен сыныптың тәрбиелік жүйесі. Қазіргі мектептің тәрбие жұмысы үдерісіндегі педагогикалық қолдау. Тәрбие технологиясы – тәрбие жұмысындағы кәсіптік шеберліктің элементі. Мектепте, сыныпта тәрбие жұмыстарын жоспарлау. Сынып жетекшісінің тәрбиелік іс-әрекетінің жүйесі. Оқушылар ұжымын қалыптастырудағы тәрбие жұмысының ерекшеліктері. Сынып жетекшісінің қиын балалармен жұмыстарының жүйесі. Дарынды балалармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының жүйесі. Оқушылардың денсаулық пен салауатты өмір салтына құндылық қатынасын қалыптастырудағы сынып жетекшісінің іс-әрекеті. Оқушылардың ата-аналарымен педагогикалық әрекеттестік технологиясы. Балалар мен жастардың ынтасын дамытудағы тәрбие жұмыстары. Тәрбие жұмыстарының нәтижесі мен тиімділігінің диагностикасы. Тәрбие үдерісін ғылыми-әдістемелік қамтамасыздандыру.</p>	2(90)
ТК 2.2	Таңдау компоненті	49 (2205)
КП 3	Кәсіптендіру пәндері	32 (1440)
МК 3.1	Міндетті компонент	5 (225)
КТОА 3301	<p>Қазақ тілін оқыту әдістемесі Пререквизит: Қазіргі қазақ тілі (фонетика, лексикология, сөзжасам, морфология, синтаксис) Постреквизит: Күтілетін нәтиже: Пәнді оқытудың негізгі мазмұны мен принциптерін, әдістері мен тәсілдерін, берілетін білім, дағды, білік мөлшерін белгілеп, оны игерудің жолдарын, алғышарттарын меңгеру.</p>	3 (135)

	Мазмұны: Қазақ тілін оқыту әдістемесі мен әдістемелік ұстанымдары педагогика ғылымының оқу-тәрбие беру жөніндегі барлық теорияларына,оның дидактика бөліміне негізделеді.Өйткені дидактика –барлық ғылымды оқыту жөніндегі әдістер жайлы теориялар жиынтығы.	
КАОА 3302	Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі Пререквизит: Қазақ әдебиетінің тарихы Постреквизит: Күтілетін нәтиже: Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәнінде білім алушы жалпы әдістемелік ұстанымдар мен заманауи бағыттағы әдіс-тәсілдерді,практика мен теорияның негізгі ұстанымдарын жетік білу және меңгеру. Мазмұны: Дидактикалық ұстанымдар қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін меңгеруде айрықша роль атқарады. Пәнді оқытуда практика мен теорияның,дидактикалық әдіс-тәсілдердің маңызын,материалды өз бетінше түсініп,ойын анық және ашық айтуға дағдыландыру маңызды.Білім алушының дүниетану жөніндегі көзқарасын қалыптастыруда білімді тиянақты,берік меңгерту,алған білімін іс жүзінде пайдалана алу мүмкіншілігін қалыптастыру жолдарын меңгерту.	2 (90)
ТК 3.2	Таңдау компоненті	27 (1215)
	Теоретикалық оқытудың барлығы:	129 (5805)
ОҚТ	Оқытудың қосымша түрлері	
МК	Міндетті компонент	14-тен кем емес
ДШ	Дене шынықтыру Пререквизит: жоқ Постреквизит: жоқ Күтілетін нәтиже: Дене шынықтырудың мағынасы мен мазмұнын, организмнің психофизикалық ерекшеліктерін, дене жағдайының диагностика критерийлерін білу. Дене қасиетімен қимыл-қозғалыс мүмкіншіліктерін қолдана білу. Мазмұны: дене Денсаулық туралы түсінік, мәні, мазмұны, критерийлері, факторлары. Шынығу деңгейінің жағдайы мен көрсеткіштері. Заманауи сауықтыру жүйелерінің және құралдарының сипаттамасы. Дене шынықтыру бойынша кәсіп білім және практикалық дағды. Психореттейтін жаттығу.	8 (240)